

Мен өзімнің қаламгерлік ұзақ өмірімде талай-талай адамдар туралы мақалалар, очерктер, кітаптар жаздан бері білетін, талай жерде дәмдес болан осы бір абзал аға туралы бірде-бір рет қалам тартпаппын. Өміріңіз ағысы солай болды ма, әлде өзімнің ықпалыңыздығымнан ба, ол жазғын түсіне алмадым. Соның реті енді келгендей. Әңгіме көрнекті жазушы, ардақты азамат, жауынгер патриот Кемел Тоқаев туралы болғалы отыр.

1953 жылдан күзінде сонау Талдықорған ауданының Шұбар орта мектебінде оқитын екі дос – Ғазиз Саурықбаев пен мен 9-сыныпты қалада жалғастырмақ болып Алматыға келдік. Ғазиз Алматы ет комбинатына жақын жердегі ТЭЦ-тің дәл түбінде тұратын апайының үйіне, мен Ұйғыр көшесі жағындағы Садуақас Оспановтың пәтеріне тұрмыс тіредім. Оқас (Садуақас) ағамыз Алматы қаржы техникумын бітірген, кейіннен Ұзынағаштағы аудандық банк бөлімшесінің бастығы қызметін атқарған абыройлы әрі қайырмды адам еді. Әсіресе, жемісмен өте аяулы адам болатын. Мен сол жолы астанадағы №18 орта мектептің 9-сыныбына қабылдандым да, Ғазиз көп ұзамай ауылына қайтып кетті. Ол кейін Талдықорғанның Қапал жағындағы Черносовхоз дейтін жерге барып қоныс тепті. Келіншегі Күләшпен қазір де сонда тұрады.



Бір қызығы, Ғазиз Саурықбаев досымның ТЭЦ жақта тұратын әлпт апайы өзін қатты сыйлайтын Кемел Тоқаевтың да туысы еді. Ол кезде Кемел «Қазақстан пионері» газетінде редактор қызметін атқарды. Әйтеуір осы бір алақандай газеттің біздің бала жүрегімізге балдай жағатыны әлі күнге есімде.

Кемел ағамен кенірек таныстығымыз 1960 жылдардың басында басталды. Мен ол кезде

Жақсылығын жар салмаған жан

Мәткерім ӨКІМЖАНОВ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

«Лениншіл жас» газетінде жауапты хатшы болып істейтінмін. Кемел болса Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысында» бас редактор еді. Бұл кезде мен Кемелдің «Тасқын» және «Көмексіз із» атты шытырман оқиғаларға толы повестерін оқып қойғаным. Маған әсіресе оның алыстан орағытпай, шұбырынды шешендікке салынбай, қазақтың қарапайым тілімен бағындайтын ұғым ойлары, өткір диалогтары ұнаған. Оқиғаларды ойдан шығаратын жасанды тартым дегеніңіз Кемелде мүлдем кездеспейтіні есімде.

Жас алаштығынан болды ма, Кемелмен көп сырласқан емеспін. Ол маған қол жетпес күз секілді, аса айбынды көрінетін. Оның үстіне курстас досым Қоғамы Серекеев секілді қалың топтың ішіне қаймықпастан кіріп кетіпін батылшығым да жоқ, тартыншақтау болдым. Осының сырын өзім де түсінбеймін. Әлде жастайымнан жетім қалып, қатаң тағдырды түртпегін көп көргендіктен басылып қалдым ба екен? Өткен газырағын жетпісінші жылдары Мәскеуде іссапарыммен баруымыз жиілеп кетіп еді. Билет керек кезінде табыла бермейді. Сондай қысылған кезде мен ылғи Кемел ағама телефон шалатынымын. Өзінің жақын санайтын адамдарынан жақсылығын аймайтын Кемелмен екі ауыз сөзге келместен Жоғарғы Кеңестің бронеяны билет алып беріп жүрді. Осы әдет бір емес, бірнеше жылға созылды. Мазалай бергеніме қысылып та жүрдім. Бірақ көп қысқа, амалым бар ма, өтініш айтпай тұра алмайсың.

Ол кезде жазушының шығармалары баспасөз беттерінде жиі шығатын. Кезекті бір шығармасының үзіндісін «Лениншіл жас» газетінде де жариялауға сепкер болғаным бар.

«Мен дайын, жолдас полковник!» деп аталатын сол үзіндіні өз қолымен сеніп бергені тап бүгінгіше есімде. Қазақта: «Сынықтан басқаның бәрі жұғалды» деген мәтел бар. Оқтай атылған тура сөз. Олай дейтінмін Кемелге еліктеп мен де шытырман тақырыпқа бет бұруды ойлап жүрдім. Кемелмен диалогтас қалғанда оқиғалы жанрдың өте ауыр екендігін, шығарма негізінен болған оқиғаларға, бұлтартпас деректерге сүйеніп жазылатындығын, түптің түбінде оқушы қауым осы тарихи немесе деректі кітаптарды көбірек оқуға қарай ауатындығын жиі еске салатын. Ағамын сол айтқандары аумап келді.

Ол халқының тағдыры үшін, ертеңгі нұрлы болашақ үшін адал еңбек етті. Уақыттың талап-тілегін азаматтықпен адал атқарды. Ел мүддесін, Отан мүддесін майданда қарумен, бейбіт қаламмен қорғады. Өзінің 63 жылдық қысқа тұрмысында адамгершілік атты ұлы идеяға дақ түсірмей, өз Отанының шын патриоты бола білді.

Жоғарыда мен Кемелге ұқсап детективке бет бұрғым келетінін айттым ғой. Ол менің қолымнан келмеді. Бірақ бәрібір осы қызығы мол жанрдан қол үзін кете алмадым. Сол кезде газет оқырмандарын көбірек тарту үшін шытырман оқиғалы шығармаларды оқта-текте аударып басып отыратын әдет бар болатын. Сол дәстүр бойынша 1971 жылы мен де Геннадий Голышевтің «Шатун» повесін «Сая» деген атпен аудардым.

Ол кезде қазіргідей қаптаған газет жоқ. «Лениншіл жас» жұртшылықтың сүйіп оқитын газеті болғандықтан тез тарайтын. Әдетте, сағат 8 болмай газет дүңіршектерін алдында тізіліп тұратын оқырмандарды көретініз.

Сағат тілі дәл 9-да Кемел ағам телефон соқты. Бағғы байсалды әрі қысқа сөйлейтін қатқылдау даусын бірден таныдым.

Күптаймын, құттықтаймын. Нұрмолда Алдабергенов туралы очерктеріңді онша бақылайды қойған жоқ едім. Ол кісі туралы ақсақалымыз Сәбит Мұқанов та, Сәуірбек Бакбергенов те жазды. Байқайсың ба, дақырт көп. Ал мына аудармаң, әсіресе орыс тілінде, тайта тіршілігін қазақ жұртына дәл жеткізе білгенің үміттендіреді. Империя алтынын

тайғалағы сарқырамаға тығып, Австралия асырып жібермек болған аквардияшылар операциясының жолын кесу қандай әсерлі шыққан, – деді.

Мақтағанды кім жек көрсен, әжептәуір риза болып қалдым. Әрқашанда шындықтан асып көрмеген асыл ағамның сараңдау болса да жылы жүрегінен шыққан сөзі кейін менің Майн Ридтің «Оцеола – семиноллар көсемі», Стэн Томпсонның «Киченалл жабайылар», Уильям Фолкнердің «Сарторис», «Аю», «Аруақты қорлау», КСРО Бас прокуроры болған Анатолий Безруковтың «Қылмыскерлер» повесті, романдарын естті аударуыма жол ашты.

1973 жылдың күзінде Кемел Тоқаев өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Ол кезде тойды қазіргідей ашылып-шашылып үлкен мейрам-ханаларда өткізу деген өте сирек болатын. Кемел ағамыз да өзінің пәтерінде ақ дастарқан жайды. Ол атақты онш апамыз Роза Бағлановамен көршілес тұратын еді. Барған сайын алыстап бара жатқан сол бір бақытты күндерге көз жіберсем, жүрегім сыздайды. Бақандай 40 жыл өтіп кеткен. Кемел ағамның ер тұлғасы мен Тұрар жемісін ақсарылау, шуақты жылы жүзі көз алдымаңа кетер ме! Сол дастарқанда Мәскеудің Халықаралық қатынастар институтында оқытып ұлы болды ма, болмады ма – есімде қалмапты. Бірақ бойжетіп қалған екі қызды – Салтанат пен Қарлығаның әкелеріне деген ітіпайы есімде сайрап тұр.

Отырарстың көрігін қыздырған жазушылығым де, әншілігім де аты шығып жүрген Совхозбек Тоғысбаев болды. Кейінірек Совхозын «старатып» жіберіп, Бек Тоғысбаев атағанда құрдастары біраз жылдарға дейін «бұл қалай?» деп әзілдеп жүрді. Бектің баритон дауысы бірден баурап алатын. Ол қыза келіп халық әндерін аныратқанына талай рет куә болдық. Әсіресе, әлемге өйгілі «Фигаро» және «Вернис» (Соренто) әндерін италиянша құйқылжығтқанда кім де болса аузын ашып қалайтын. Бек ағамыздың италиянша не айтпай тұрғанын қайдан білсін, асақ естілгені әуені үшін дүркіретіп қол шапалақтайтын.

Ол халқының тағдыры үшін, ертеңгі нұрлы болашақ үшін адал еңбек етті. Уақыттың талап-тілегін азаматтықпен адал атқарды. Ел мүддесін, Отан мүддесін майданда қарумен, бейбіт күнде қаламмен қорғады.

Бек ағамыздың үйіндегі домбырасын бір-екі қағып көрді де жаратпай тастады. Көршілерінен алдырған домбыра да көнлінен шықпады. Біздің үй де Кемелге үйінен онша алыс емес еді. Әдемі кештің әрн домбыра кіргізетіні білген соң, мен өз үйімдегі қолдан жонып жасаған кішкене домбырама алып келдім. Бекке менің домбырама ғана сал-пәл ұнағандай болды. Онша ағамыз әнді әлі келіп аныратсың! Сапар Байжанов ағамыздың да бірқалпайы бар болатын. Ол да арасында қосылып отырды. Кемелмен өзінің Сапар Байжанов, Мүсілім Базарбаев, Баймырза Дуаренбеков сияқты жақын достарын шайға шақырғанда мені де қалдырмайтын. Сондайда басымынан кешкен бір қызық жағдайлы айта кетейін.

Қонаққа құрқол бара алмайсың. Ол кезде дәулетіміз де шағын. Не аларымызды білмей қиналатын едік. «Алматы» қонақ үйінің бірінші қабатындағы «Сувенир» дүкенінде таза атыған сағаттар, күмістен құйылған 6 адамдық ыдыстар толып тұратын. Бағасы қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Қаз мойынды, бүйірі үлді әшекейленген толы жең құмыра бұл үшін қолжетімділеу көрінді. Жемегізге ұсынатын бір десте гүлдімізге қосып соны алдық. Сөйтсек, сол жолы шақырылған қонақтардың бәрі де сыйлыққа әлгіндегі құмыра алыпты. Мұндайға ағамыз мән бермегенмен, Тұрар жемісмен ылғи күлімдеп жүретін қалпымен жұмыс қана жымын етіп: «Қарық қылдындар ғой құмыраға», деді. Естімеген болып, өте шықтық. Әрқашан да мұғтаздай сұлу киінетін Мүсілім Базарбаев ағамыз

да сал қызарғандай болды.

Осындай аз-кем қиыншылығы мен қиыққа толы базарлы өмір дүркіреп өтіп жатты.

Бірде АПН тілшісінің СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі Д.А. Конаевпен жүргізген бір беттік сұхбаты келе қалды. Сұхбатпен қоса Димекеннің үлкен суреті қоса берілді. Ол кезде «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары қызметіндемін. Бастығым науқастанып үйінде жатқан. Деруе телефон соғып, не істерімді білмей қиналып отырғандым жеткіздім. Қиналатыным, ол кезде мұндай аса жауапты материалды «Лениншіл жас» секілді жастар газеті Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының органы болып саналатын аға газеттен бұрын жариялауға болмайтын жазылмаған заң бар. Бас басылым «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), ешқашанда мұндай ресми материалды жастар газетінен көшіріп басуға тиіспіз емес. Тәртіп сондай. Не істеу керек? «Былай жүрсен арба сынады, былай барсан өгіз өледі». Бастығым мұны менен де жақсы түсінді. Бірақ шешімді жауапты ол кісі де айта алмады. «Газетке қол қойып отырсың ғой, өзің біл» деді де телефон тұтқасын қоя салды. Науқастанып жатқан адамды мазалағанымға өзім де ынғайсызданып қалдым. Ол кісінің дұрыс. Ал «Социалистік Қазақстан» газетінің басшылары не дер екен? Басқадан гөрі газет редакторының бірінші орынбасары Балғабек Қыдырбекұлына бағытлауды ем, телефон шалдым. Ол кісі: «Материал біздің поштаға түскен жоқ, Мәткерім. Сондықтан саған былай істе деп ешқандай ақыл айта алмаймын» деген тұжырымды ойын айтты. Бәкеңдікі де жөн сөз. Бірақ материалды жатқызып қоюға болмайды. Сондықтан «не бел кетер, не белбеу кетер» деген

тәуекелмен сұхбатын нөмірге салғызып жібердім. Танерген Димаш ағамыздың жымиып отыратын жылы жүзі газет бетіне жарқ етіп шыға келді. Былайғы жұрт нені біледі, ал газет қызметкерлері у-шу. Шұлай берсін дедім де отыра бердім. Бұл дүрмек осымен қалатын да еді, егер пысықай біреулер отқа май құйып жібермегенде.

Сағат оннан аса бергенде Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысының көмекшісі Қорк Дүйсеев телефон соғып, «Сені сағат 12-ге хатшы шақырып жатыр» деді. Көркікті жақсы білемін, өзіміз үйлендірген қатарлас жігіт. Бірақ неге шақыратынын ашып айтпады. Айтпағанмен ішім сезеді. Ойым оны, санам жүзге бөлініп жанышыр ағам Кемелге хабарластым. Ол кісі кесіп бір-ақ айтатын әдетімен:

– Мұндай сөзді ертерек айтпа болар, қазір сағат он бір болып қалды. Жарайды, қорықпа, бара бер, – деді.

Саттар Нұрмашұлы Имашевтің алдында бірінші болуым. Үкімет үйінің күншығыс қанатындағы шағындау бөлмесінде күтіп отыр екен. Кісіге сығырайып азам қарайтын жылы жүзді, толық денелі адам еді. Біраз үнсіздіктен кейін ғана қолындағы ұшталған бір ұсқ қарындаштарын үстелге тықылдатып отырды:

– Әй! – деді. – Өткенде түк таппағандай Іслам Жарияпағовтың «Тілім өлсе, өлгенім өзімнің де» деген өлеңін жариялаған кезде үндемеді едім. Сонда сені «фүлшыл» деп талай адам звандаған. Бақытын бар екен, бала, 37-нің заманы болса, сенімен бүйітп сөйлеспеген болар едік, – деді. Үлкен адамның өзіміне сөйлегеніне ішім жылып қалды. – Ал бүгінгің мынау, – деді. – Қыпқызыл жалаудай жапып тұратын кезің емес пе! Сенің жасыңда Ғани Мұратбаев қандай еді, есіне түсірші. Сенің бағатының ұлтшылдық бықсық емес, отаншылдық болуы керек! – деп бір тоқтады. – Әзірге ауызша сөгіс беремін, жүре бер.

Осының алдында Фрунзе (қазіргі Медеу) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Л. Крашенинникова бюрода менің партиялықтың қарағалы жатыр дегенді естігенмін. Абырой

Дәурен



Өлең

Жебемен жетім менен жесірді, Өлеңшілер аяспаса бекінді. Жүріп өткен ір-қыр жолдарым, Менің нәзік құмырамаң секілді.

Жаньна еріп арманы асқақ жандардың, Гаваида теңіз мұңын аңғардым. Үрімшіде үр қызына ашық боп, Ыстамбұлдың көшесінде саналдым.

Мұңдарымды түсін, гүлім, кеш, гүлім, Жазықсыздан жаман көздер естідім. Қара жолда жалғыз сөз жатып мен, Қанә есіме ап, енді есіме ап, өкпідім.

Жылдар мынау үнсіз-тілсіз жылысқан, Мектепте мен құтылмадым бұрыштан. «Ең болмаса дән септіріп, жүзі жинар, Бригадир болмадың», – деп ұрысқан.

Қайран әкем, зінсіз ғана зекінен, Кеше сені өкпелетім кетіп ем. Қара өлеңдей қабірлі дос таппадым, Бәрі жалған... бәрі өткініш, өкінем.

Біздің ауыл

Ана өзекке жосалады сай барып, Қасқырлары көкке қарап ұлыған. Байлығы үшін кісенделіп, айдалып, Мырзалары ітжеккенге құрыған.

Біздің ауыл тарихы бар қатпарлы, Ясаудың көк күмбезді көрінген. Ітжеккеннен келген хаттар сақталды, Айналдым мен қасіретті елімнен.

Бабайқорған Майдамталға ұласқан, Анау жатыр ата-баба кезеңі. Теңбіл-теңбіл бұлтты аспан, бір аспан, Алып жатыр Қарашықтың өзені.

Қасіетті асыл сезім бауыр бұл, Бір-біріне зәйтін сөздер айтпаған. Біздің ауыл қасіретті ауыл бұл, Мырзалары ітжеккеннен қайтпаған.

«Алтын аймақ»... айтпаған ғой деп бекер, Сағындығың елге кеткім келеді. Сен аман бол, талай ұрпақ кеп-кетер, Мұрты-мұңы ән мен жырдың мекені.

Нүкте

Неткен қайғы, неткен мұң, Жан жүйкемді жүйнеді түткен өткен күн. Баяғыда осы ауылдан мұңайып, Елден жырғақ қайғы арқалап кеткенмін.

Өзімді іздеп кетпесіме болды ма, Қу көкірек шерге қайта толды ма. Мазан тағы не дер екен тұңдайып, Мені алысқа алып кеткен жол мына.

Сол баяғы он алтыншы көктемнің, Сұлулығын жалғыз іздеп кеткенмін. Сені кейде сағынамын есіме ап, Жан жүйкемді жүйнеді түткен өткен күн.

Әлі ешкімге айтқан жоқпын сырды бұл, Көз алдыма тұрды көктем, тұрды гүл. Қара түнде оянып ап ұйқымаң, Өзіңді ойлап отырмайын мұңды қыр.

Сырлы ұғам деп кетіп ем ғаламның, Мен де бәлкім мұңды жыр боп қалармын. Жалғыз тұрмын, азынайды суық жел, Моласында менің газиз анамның.

Айта алмадым оралаймын, күтпе деп, Өкпе-нала көкірегіме тұқ те жоқ. Мені өсірген қайран ауыл артыма, Көз ұшында қала берді-ау нүкте боп.

Тілек

Ғашық боп тұрған өзіңе үзіле жалған, Сағынар кейін сонда мен күзіме барған. Аспаннан ағып қос жұлдыз құлаған еді-ау, Көзіңнің жасы секілді жүзіме тамған.

Көз жасың моншақ секілді тізіле қалған, Тамшыдай тамған тырсытпап... жүйіме талдап.

Дүние-ай, сол сат үн-түңсіз дәл мендей болып, Ғашық боп тұрды өзіңе үзіле жалған.

Бір-бірін қыр қайғылы шешіңсе барған, Осындай мұңды, туған жер... тәсіңде бар ма ән? Жовалтқан сонға аяулым мәңгіге сені, Қос жұлдыз аққан күзгі түн есімде қалған.

Тырналар кейін түстікке тізіліп ұшты, Бала ақын тұрды суретке қызығып құшты. Дарыа-ай, сол бір күзгі түн түсіме кіріп, Бір тамшы менің көзімнен үзіліп түсті.